

Дайын



Түркістан облысы
Сайрам ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі
«Қазына» бөбекжайы

Ертеңгілік

Тақырыбы:

«Астана – бас қала»



Музыкант: Ақжолова Ұ.

2022-2023 оқу жылы

Жүргізуші: Қайырлы күн құрметті балалар, қонақтар, әріптестер! Ал бүгін біз Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласының туған күнін тойлаудамыз. Балалар сендер осы тәуелсіз мемлекетте жарқын өмір сүріп жатқан бүлдіршінсіңдер! Кәне балалар бәріміз біргелікте Қазақстан Республикасының әнұранын айтайық.

Әнұран айтылады.

Астана қаласы бұрын Ақмола деп аталған, оның туған жылы 1830 жыл. Астана қаласы Есіл өзенінің жағасында орналасқан. 1997 жылы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылдады. 1998 жылы жана елордасы атауы Астана болып өзгертілді. Қазір қаланың аумағы 200 шаршы километрді алып жатыр. 1998 жылы ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша Астана қаласына «Бейбітшілік қаласы» деген жоғары атағы беріліп, медальмен марапатталды. Астана қаласы шапшаң қарқынмен дамып келеді және де келешегі өте зор.

Көшелері құлпыраған сала-сала,

Алаңдары кең құшақ сайран дала.

Көргендері арлы арудан айнымайтын,

Ақ көңілді кең пейіл қайран қала - деп ортаға бүлдіршіндеріміздің тақпақтарын тарту етуге шақырамыз.

Ханшайым: Ел ордам менің – Астана,

Осында жаңа бастама.

Сәулетті зәулім үйлер көп,

Көрікті сондай жас қала.

Анвар: Астанама қарашы,

Елімнің жас қаласы.

Неткен ұлы, неткен кең,

Қазағымның даласы.

Қазыбек : Ардақталды Астанам,

Мәртебелі бас қалам.

Көркейе бер күн сайын,

Алға қарай бас қадам.

Айкөркем: Оның аты Астана,

Астананы қараса.

Жүрегім соғады тамсана,

Менің елім Астана.

Балаларымыздың орындауында құрлышы биін тамашалайық.

Би: «Құрлышы»

Жүргізуші: Бейбітшілік әніміз,

Бауырласпыз бәріміз.

Қазақстан даласында,

Жарасады сәніміз.

Балалардың тақпақтарын қабыл алыңыздар.

Жандәулет: Астана қандай тамаша,

Көз тоймайды қараса.

Қандай керемет тамаша,

Менде барғой бас қала.

Анара: Оның аты Астана,

Астананы қараса,

Жүрегім соғады тымсана,

Менің елім Астана.

Сырым: Ару қалам Астанам,

Бой көтерген жас қалам.

Бәйтеректің биік шыңы,

Ерекше ғой басқадан.

Мансия: Алтын күннің астында,

Желбірейді туымыз.

Қазақ деген халықтың,

Ұлы менен қызымыз.

Сабира: Астана –арман қала,

Бағы бір жанған қала.

Тұрады жап-жас болып,

Мен үлкен болғанда да.

Жүргізуші: Ән көңілмен құйылды,

Қайғы бұлтты шегілді.

Балалармен дүние,

Көрікті де көңілді.

Болсын кіші бойымыз,

Биікке ұшу ойымыз.

Біз бақытты балдырған,

Тойға ұласқан тойымыз –дей отырып «Атамекен» әнін жырлап көрейік.

Ән: «Атамекен»

Би: «Қара жорға»

Жүргізуші: Жыр арнадым еліме тебірене,

Үміт артам елімнің ертеңіне.

Нур Султанның туған күні құтты болсын,

Отаным жылдан жылға көркеюде.

Тілеймін мен әр адамға бақыт қонсын,

Елімде бейбіт, тыныш заман болсын!

Би: Флешмоб

Осымен ертеңгілігіміз аяқталды. Келіп тамашалағандарыңыз үшін көп рақмет!

Әдіскер: *Т.А.*



**«Астана – бас қала» атты ертеңгілік
барысында**

